




1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

МИКРОЭКОНОМИКА


Экономика дегеніміз не?





Майкл Паркин - Батыс Онтариодағы (Канада) университетінің экономика кафедрасының профессоры. Профессор Паркин Браун университетінде, Манчестер университетінде, Эссекс және Бонд Университеттерінде де профессорлық қызмет атқарады. Ол Канада экономика Ассоциациясының бұрынғы президенті және Американдық Экономикалық шолу редакциялық кеңесінде қызмет етті, сондай-ақ Америка Экономикасына шолу журналының редакциялық кеңесінде қызмет етті және Ақша экономикасы журналы және Канада экономикасы журналының редакторы ретінде жұмыс істеді.

Профессор Паркин макроэкономика, монетарлық экономика мен халықаралық экономика тақырыптарында зерттеулер жүргізеді, бүгінге дейін 160-тан астам ғылыми еңбектері жарияланған. Американдық экономикалық шолу журналын қоса алғанда, редакцияланған журналдар Экономикалық зерттеулердің шолуы, Ақша журналы, Экономика және ақша журналы, несие және банк журналдарында мақалалары жарық көрген.



Ол көпшілікке жалақы мен бағаны реттеу бойынша инфляцияның салдары атты жұмысымен танымал. Майкл Паркин еуропалық одақ ақша бірлігі қозғалысын басқараған. Профессор Паркин – экономикаға кіріспе бойынша тәжірибелі және танымал оқытушы.

Тақырыптың мақсаты:

- Экономика дегеніміз не анықтау және микроэкономика мен макроэкономика арасындағы айырмашылықты анықтау
- Экономиканың екі маңызды сұрағы.
- Экономикалық ойлаудың негізгі идеяларын түсіндіру
- Экономикада графиктерді пайдалану

1-ші дәріс. Экономиканың 2 негізгі сұрағы

- Экономика ұғымын анықтау
- Экономика қарастыратын негізгі екі сұрақ
- Экономикалық ойлау
- Экономика: әлеуметтік ғылым және зерттеу әдістері

Барлық экономикалық мәселелердің туындауының негізгі себебі, біздің қалауымыздың ала –алатын мүмкіндігімізден әлде қайда жоғары болуы.

Барлық қалауларымызды қанағаттандыра алмауымыз жетіспеушіліктің болуынан (scarcity).

Жетіспеушілікпен ұшырасқан кезде біз таңдау жасап шешім қабылдауымыз қажет.

Біздің таңдауымыз біз қабылдайтын біздің ықпалымызбен байланысты.

Экономика негізін екі негізгі іргелі факт қалыптастырады:

1. Қоғамның материалдық қажеттіліктері шексіз және толығымен қанағаттандыру мүмкін емес.
2. Тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті экономикалық ресурстар шектеулі.

Жеке тұлғалар үшін шектеу – табыстар және уақыт.

Бизнес үшін шектеу – өндіріс үшін ресурстар.

Мемлекет үшін шектеу – жиналатын салық.

Осыған байланысты қоғамның тауарлар мен қызметтерге деген барлық қажеттіліктерін толық қанағаттандыру мүмкін емес, азаматтар таңдау жасаулары қажет.

Азаматтардың шешімдері қандай да бір жолмен өзара келісілген болуы қажет.



Ынта (мотивация) – бұл адамдарды экономикалық қызметке араласуға итермелейтін немесе бас тартқызатын қозғаушы күш. Әдетте тауар бағасы – бұл ынта.

Экономикалық қажеттіліктер – жеке тұлғаның, кәсіпорынның, тұтыстай қоғамның тірлшілік етуін қамтамасыз ететін игіліктердің жетіспеушілігі. Қажеттіліктер бірінші деңгейлі және екінші деңгейлі болып бөлінеді.

Ресурстардың шектеулігі жағдайында экономикалық мақсаттардың көптігі экономикалық таңдау жасау мәселесін алға тартады – берілген шығындар кезінде қажеттіліктердің масималды қанағаттандырылуына қол жеткізуге болатын баламалы нұсқалардың ішінен ең қолайлысын таңдау.

Экономика - бұл жеке тұлғалар, компаниялар, мемлекет және тәуелсіз қауымдастықтардың тапшылық пен ықыластарымен ұшырасқандағы қабылдаған шешімдерін зерттейтін әлеуметтік ғылым.

Экономика екі негізгі бөліктен тұрады:

- Микроэкономика
- Макроэкономика

Микроэкономика – жеке тұлғалардың және компаниялардың шешімдерін зерттеу, нарықтағы олардың өзара қарым-қатынасының әдістерін, сондай-ақ мемлекеттің оларға тигізетін әсерін зерттейді.

Макроэкономика – бұл ұлттық және ғаламдық экономикалардың дамуын зерттейді.

Экономиканың екі негізгі сұрағы:

1. Нені, қалай, кім үшін өндіру керек?
2. Жеке қызығушылықтарды қанағаттандыру, қоғамдық қызығушылықты қанағаттандыра ала ма?

Нені, қалай, кім үшін өндіру керек? Бұл бір сұрақтан келесідей үш сұрақ туындайды:

- Өнімдер мен қызметтердің қандай түрін өндіру керек?
- Қалай ол өнімдер мен қызметтерді өндіру керек?
- Ол өнімдер мен қызметтерді кім тұтынады?

Қысқаша айтқанда:

- Не өндіру? Қалай өндіру? Кімге өндіру?

Тауарлар мен қызметтер – бұл адамдар бағалайтын және адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндірілетін игіліктер.

Не өндіру?


Экономикалық игілік – қажеттіліктерді қанағаттандырушы ресурстар (тауарлар мен қызметтер).

Экономикалық игіліктер:

- Ұзақмерзімді және қысқа мерзімді;
- Бір-бірін толықтырушы және бір-бірін алмастырушы;
- Тұтынушылық және өндірістік.

АҚШ-тың ауылшаруашылығы барлық өндіріс көлемінің 1 %-ын ғана құрайды, өнеркәсіптік тауарлар өндірісі 22 % және қызмет өндірісі 77%.

Қытайдың ауылшаруашылығы барлық өндіріс көлемінің 11 %-ын құрайды, өнеркәсіптік тауарлар өндірісі 47 % және қызмет өндірісі 43%.



Сурет.1.1 Бразилия үшін де сол статистиканы көрсетіп тұр.

Жер бұл табиғаттың берген сыйы, егер жер болмаса біз ешқандай өндіріс үрдісін ұйымдастырып тауарлар мен қызметтер өндірісін жүзеге асыра алмас едік.

Капитал – бұл техникалық құрылғылар, инструменттер, компьютерлер, машиналар мен кондырғылар, ғимараттар мен басқа да құрылымдар болып табылады.

Еңбек – адамдар тауарлар мен қызметтерді өндіруге жұмсайтын жұмыс уақыты мен еңбек күші.

Еңбек сапасы адамдардың білім алу арқылы, еңбек барысындағы оқыту арқылы және кәсіби тәжірибесі арқылы келетін білім мен кәсіби қабілеттер басқаша айтқанда адами капиталға байланысты.

Өндірістің басқа да факторларын: жерді, еңбек пен капиталды ұйымдастыратын (біріктіретін) адам ресурсы - кәсіпкерлік деп аталады.

Өндірістің негізгі үш факторы қарастырылатын жер еңбек пен капитал, бұл үшеуімен өндірісті жүзеге асыруға болады, бірақ өндірістің нәтижелі болуы ол кейін маржиналистік мектеп өкілдері ұсынған кәсіпкерлік қабілетпен тікелей байланысты.

Кәсіпкерлік қабілет – өндірістің барлық басқа факторларын неғұрлым тиімді пайдалану қабілетіне негізделген адам ресурсының ерекше түрі. Кәсіпкерлік қабілет факторы іскерлік қызметтің нәтижелі болуына сондай-ақ өміршеңдігіне де әсерін тигізеді.

Кім үшін өндіру?

Тауарлар мен қызметтерді кімнің алатыны бұл адамдардың қандай табыс алатынына байланысты.

Адамдар өздеріне тиесілі активтерден қызмет көрсету арқылы өз табысын алады:

1. Жер ренталық табыс алып келеді.
2. Еңбек жалақы алып келеді.
3. Капитал пайыздық табыс алып келеді.
4. Кәсіпкерлік пайдаға қол жеткізеді.

Адамдар арасында табысты бөлуде біркелкілік жоқ. Төмен табыс табатын халықтың 20 %-ы жалпы табыстың 5 %-н ғана бөліседі, ал ауқатты 20 % азаматтар жалпы табыстың 50 %-н қалыптастырады. Орташа алғанда ауқатты 20 % азаматтар табысы төмен 20 % азаматтардан 10 есе көп табыс табады деген сөз. Сіздің экономикалық таңдауыңыз сіздің жеке мүдденіздің айнасы болып табылады, себебі сіздің ойыңызша сіз жасаған таңдау мүмкін нұсқалардың ішінен ең қолайлысы болып табылады. Барлық басқа адамдарды да таңдау жасауға сіздің қызығушылықтарыңыз емес, олардың жеке қызығушылықтары итермелейді.

Жеке қызығушылықтар

Өз мүдденіз үшін таңдау жасау, бұл сіздің ұйғарымыңыз бойынша сіз үшін ең қолайлы нұсқаны таңдау.

Қоғамдық қызығушылықтар

Жалпы қоғам үшін тиімді таңдаулар қоғамдық қызығушылықтар болып табылады. Ол тұтастай қоғамға ең пайдалы нәтиже алып келуі тиіс.

Неге бұл мемлекеттерде өндіріс осылай құрылған?

Қалай өндіру керек?

Өндірілетін тауарлар мен қызметтер өндіріс ресурстарын қолданады, экономистер оларды өндіріс факторлары деп атайды. Өндіріс факторлары экономикалық игіліктерді өндіруге қолданылатын элементтер.

Өндірістің 4 факторы бар:

- Жер
- Капитал
- Еңбек
- Кәсіпкерлік қабілет



Қоғамдық қызығушылықтарды өлшеудің екі көрсеткіші бар:

1. Тиімділік
2. Әділеттілік

Тиімділік ресурстарды толығымен пайдалану керек дегенді білдіреді.

Әділдік - бұл адам күткен ең бірінші құндылық. Қоғам үшін ең маңызды нұсқаны таңдау, экономикалық ресурстарды тиімді әрі әділетті пайдаланды деген сөз.

Осыдан келіп экономиканың келесідей негізгі сұрақтары туындайды:

- Біз әр бір адамның жеке қызығушылықтарын қанағаттандыру арқылы бір уақытта қоғам мүддесін қамтамасыз ете алатын экономиканы қалыптастыра аламыз ба?
- Еркін нарықтағы адамдардың ара-қатынасы қоғам мүддесін қамтамасыз ете ала ма?
- Қоғамдық экономикалық мақсаттар мен қызығушылықтарға қол жеткізу үшін үкімет тарапынан арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет пе?
- Әлемдік қауымдастықтың экономикалық мақсаттары мен қызығушылықтарына қол жеткізу үшін халықаралық сауда қажет пе?

Технологиялық тиімділік: пайдаланылған ресурстардан максималды өнім алу.

Орналастыру тиімділігі: өндірістің ең маңызды факторларын таңдау.

Тиімділік пен әділдіктің ара – қатынасы.

Неғұрлым әділ нәтиже жиі тиімсіз болады. Керісінше, әділдігі неғұрлым аз нәтиже үлкен тиімділікке қол жеткізуі мүмкін.

Экономикалық ойлау

Экономикалық ойлауды алты негізгі идея анықтайды:

- Экономикалық таңдау әрқашан ымыраға келу болып табылады. Экономикалық ресурстар мен өндірістік мүмкіндіктердің шектеулі болуы, адамдарды таңдау жасауға итермелейді, олар қолда бар баламалы нұсқалардың ішінен біреуін таңдаулары қажет.
- Адамдар пайда мен шығындарды салыстыру арқылы ұтымды таңдау жасайды. Ұтымды таңдау дегеніміз адам үшін ең аз шығын жұмсай отырып, ең жоғары пайдаға қол жеткізу болып табылады.
- Пайда – бұл сіз бір нәрседен ұтасыз немесе экономикалық субъектілердің тапқан игіліктері деп айтуға болады. Пайда адамдардың қалауы мен таңдауларына, сондай-ақ осы қалау мен таңдаудың күшіне байланысты анықталады.
- Шығындар – бұл сіздің пайда табу жолындағы құрбандығыңыз немесе экономикалық субъектілердің осы пайдаға қол жеткізу жолында жұмсаған игіліктері болып табылады.

Баламалы шығын – бұл мүмкін болатын ең үздік баламалы экономикалық игілік, дәл осы игілікті алу үшін сіз басқа игіліктерден бас тартасыз. Көбінесе, экономикалық таңдау сандық пайданың көмегімен өлшенеді. Белгілі бір экономикалық қызметті ұлғайту немесе кеңейтуден алынған пайда шекті пайда деп аталады. Бір нәрсе шектеулі болғанда, біз таңдау жасаймыз.



Ол заттың шектеулі, тапшы екенін сезінбесек біз таңдау жасауға асықпаймыз.

- Экономикалық таңдау ынтамен (мотивация) анықталады. Барлық адамдарды жеке қызығушылықтары жетелейді. Экономикалық ғылымның негізгі идеясы егер адамдардың жеке қызығушылықтары мен ынталарын талдап зерттесек, олардың экономикалық іс-әрекеттерін есептеп болжамдауға болады. Адамдар қандай да бір іс-әрекетке күтілетін шекті пайда, күтілетін шекті шығыннан көп болған жағдайда ғана барады. Сондай-ақ олар күтілетін шекті шығындар күтілетін шекті пайдадан жоғары болған нұсқалардан бас тартады.

Тұтынушылар шартты түрде келесідей таңдаулар жасайды:

- Пицаның соңғы тілімін жеуім керек пе?



Кітап: Микроэкономика

Дәріс: Экономика дегеніміз не?

- Соңғы сағатты қалай пайдалансам болады?
- Менің әмиянымдағы соңғы теңгені қалай жұмсасам болады?

Бизнес келесідей таңдаулар жасайды:

- Кіріс басқа қызметкерді жалдауға немесе компьютерлік жүйені жаңартуға пайдаланылуы керек пе?
- Мейрамхана мәзіріне басқа тағам қосылуы керек пе? Немесе кез келгенін алып тастау керек пе?
- Мейрамхана жұмысы бір сағатқа ұзартылуы керек немесе бір сағат бұрын жабылуы керек пе?

Үкіметтің алдында тұрған таңдаулар:

- Басқа маршрут ашу керек пе?
- Басқа бастауыш мектеп салу керек пе?
- Шын мәнінде қалаға жаңа ауыз су зауыты қажет пе?

Өзгермелі шығындар және баламалы құны

Өзгермелі шығындар - бұл жіберіп алған мүмкіндік.

Кез келген таңдау баламалы құнды қамтиды.

Баламалы шығындар - бұл қолыңдағы игілікті құрбандыққа шалу арқылы баламаның ең үлкен мүмкін құнына қол жеткізу.

Жанды концертке барудың баламалы құны қандай?

Баламалы құн екі компоненттен тұрады:

1. Концертке билетті сатып алсаңыз, қолыңызда қалған қаражатқа сатып ала алмайтын заттар.
2. Сіз концертті көрген уақыт, сол уақытта істеуге болатын басқа да құндылықтар.

Сіздің әрекеттеріңіздегі қосымша өзгерістердің пайдасы шекті пайда деп аталады.

Сіздің әрекеттеріңіздегі баламалы өзгерістердің мүмкін болатын шығындары шекті құны деп аталады.

Егер шекті пайда шекті құннан жоғары болса, сіздің ұтымды таңдау жасағаныңыз болып есептелінеді, бұл сіздің әрекеттеріңізді ынталандырады. Ал егер керісінше шекті құн, шекті пайдадан жоғары болса өкініште қаласыз. Мысалы, сіз барған жанды дауыстағы концерт мәнсіз болса, осыған құртқан қаражат пен уақытты бұдан да маңызды шаруаға жұмсасам болатын еді деген ойда қаласыз.

Экономистер әлеуметтік зерттеушілер ретінде екі типті ұйғарыммен бөліседі:

Позитивті экономика – нақты фактілерді сипаттайды. Қазіргі таңда қандай жағдай, не болды және болашақта не болады.

Нормативті экономика – қандай болу керек екенін сипаттайды. Жақсы немесе жаман, көп немесе аз.

Экономиканың міндеті - біз әлемде көріп отырған құбылыстарға сәйкес келетін позитивті түсіндірмелерді табу және бұл не себепті осылай болып жатқанын түсіндіру болып табылады.

Бұл міндетті орындау үшін келесі қадамдарды жасау қажет:

- бақылаумен өлшемдерді жүргізу;
- модель құру;
- модельді тесттен өткізу.

Модельдер: шындықты ресми түрде бекіту. Модельдер біз жауап беруге тырысатын негізгі мәселелерді білдіреді.

Теория: әлемнің қалай жұмыс істейтінін көрсететін ұйғарымдар.

Модельді қарапайым жасау үшін, дәлелдерсіз қабылданған болжамдар мен гипотезалар жасалады. Сол болжамдардың растығын дәлелдеу арқылы экономикалық зерттеулер жасалады.

Негізгі әдебиет:

Michael Parkin. Macroeconomics